УДК 291

# НАЦИСТТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ДІНИ АСПЕКТІ

**Наурыз Гайнижамал Онгарбековна**
*dgottard@mail.ru*
ЕҰУ, Астана, Қазақстан, дінтану мамандығы бойынша 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: З. Малгараева

Үшінші Рейх тақырыбы ауқымды массалардың қызығушылығын туғызбағанымен, жекеленген зерттеушілердің зерттеу объектісіне айналды. Оған себеп болатын бірнеше факторлар бар:

1) Ұлтшылдықтың шектен шыққан түрінің пайда болуы;
2) Мемлекеттілік идеясы;

3) Ұлттық сана жаңғыртудағы Үшініші Рейх идеологиясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

Гитлерге дейін неміс ұлтың бір аумаққа жинау идеясы екі мәрте айтылды. Екінші Рейх кезінде, яғни Отто фон Бисмарктың іс-әрекеттері тым радикалды болды. Гитлер бұл істі бейбіт, соғыссыз сипатта жүргізді,мысалы: Австрияның соғыссыз қосылуы, халықтың жақсы қарсы алуы. Үшінші Рейх 1933 жылы құрылып, 12 жылдан кейін, яғни 1945 жылы Германияның соғыстан жеңіліс табуымен жойылды. Аз уақыт ішінде мемлекетке тән барлық құрылымдарды қамтып: тарихы, әкімшілік-территориялық бөлінісі, мемлекеттік құрылымы, заңы, қарулы күштері, символикасы, идеологиясы мен насихат тәсілдері қалыптасты. Национал-социалисттік идеология ежелгі герман мифтеріне бейімделіп, нордизм,арийлік ұрпақты жаңарту көзделді. Арийлік нәсілге Солтүстік Европа тұрғындары жатқызылды.

Үшінші Рейхте «қан культі» ерекше орын алды. 1923 жылдың 9-қарашасындағы оқиға Мюнхенде Гитлер мен Людендорфтың билікті жаулап алу ісі нәтижесінде 16 адам қаза болды. Национал- социалисттер билікке келгенде осы өаза тапқан 16 адам- әулие болып, Берлин көшелерінде солардың қанына боялған туды алып жүру дәстүрге айналды (сол себепті нацисттік ту қызыл түсті). Геббельс 16 офицерге Рейх азаптанушылары деген ат берді. Гимлердің жоспарында болған Вевельсбурге ішінде 12 офицерге ( христиандықта 12 апостолға) арналған орын қарастырылда. Гитлер- мессия рөлін ойнады.

Нацисттер шонизмді ұлттық сана формасын айналдырып, таза арийліктердің антропологиялық ерекшелік тізімін жасады, оның ішінде:

- самайға жақын бастың жіңішкеленуі;
- қолдары толық жайылғанда денесінің 94 - 97 % болуы тиіс

Осындай ерекшеліктердің кездесі жиілігі аз болғандықтан, Генрих Гиммлердің ұсынынсы бойынша «Лебенсберн» бағдарламасы қолға алынды. Бұл бағдарлама қан тазалығы мәселесін ғана емес, сондай-ақ халық санының күрт төмендеуін тоқтатуға бағытталды. Осы бағдарлама бойынша Германияда 8 мың, Норвегияда 12 мың бала туылды. Нәсілдік теорияның негізі болған евгенканы практикалық түрде дәлелдеуі тиіс болған жоспарлар төмендегідей [1]:

- нәсілі таза аналарды іздеу;
- дені сау баланы өмірге алып келу;
- неміс элиталық бөлімшелерін қалыптастыру.

Үшінші Рейх тұтас империяға айналды. Мемлекеттілік идеясы ұлттық сананы қорғауға негізделді. Қорғау ісі СС солдаттарына жүктелді, Лейбенштандарт бойнша тандалып алынды. СС солдатына тән қасиеттерге: сотталмау, жоғары білімнің болуы, және де жалпыға ортақ антропологиялық ерекшеліктер жатқызылды [2].

Мемлекеттілік идеясы ортағасырлық Тевтондық орден дәстүріне негізделді. Ол бойынша әскер сарайларды дайындалуы тиіс еді, Гиммлер Вевельсбургты тандап алды. Сарай үшбұрышты формада, кеіннен дөңгелек қамалмен қоршалуы тиіс еді. Вевельсбург Үшінші Рейх орталығы болып, онда «Қасиетті Грааль» сақталуы көзделді [3]. Мемлекеттілік идеяның негізі- символика болды. Оларға: свасика мен қыран, яғни елтаңба, найзағай, қара униформа, бас сүйегі. Тудың түстік палитрасы: қызыл түс- социалисттік идея, свастика- арийліктердің миссиясы, ақ түс- тазалық, яғни қанның тазалығы, дөңгелек- қорғаныс, блок белгісі. Жаңа дін Гиммлердің оккультисттік қызығушылығынан туғанымен, индуизм, буддизм, сатанизм, христиандық және исламға қатысы бар. Гитлер қолың кеудесіне айқастыруды ұнататын, Туле бойынша бұл абсолютті билік белгісі, тағы да мүйізі бар Құдай, яғни өлім Құдайының жесті екен.

Гитлер Альберт Шпеерге исламның Männerreligion, яғни нағыз еркектердің діні деп айтқан екен. Неміс националисттік қозғалысы Ататүрікке деген симпатиядан туған делінетін пікір бар, онда оның Führerprinzip, яғни Фюрердің приниципетірне сай екендігі жазылған екен [4]. Дэвид Мотаделдің «Islam and Nazi Germany's War» еңбегінде мұсылмандар мен нацисттер бір нәтиже үшін күресті, олады арасыда бір рухани байланыс бар дейді.

Грета Лайбер өзінің мақаласында Гитлерді сатанист дейді, және Үшінші Рейхтің барлық идеологиясы осы бағытта құрылғандығына сенімді. Берлиннен Гитлер мен шайтан арасыдағы келісім шарт жасаған құжат табылған делінді. Бұл құжат 30 сәуір 1932 жылы датасы қойылған, екі жағында қанмен қол қойылған. Және Гитлерге келесідей шарт қойылған болатын: билікке қол жеткізгендіктен, ол, яғни Гитлер осы күш қуатты жамандыққа қолдануы және 13 жылдан кейін өз өмірін беру керек делінеді [5].

Бір идеологияны ұстанған елдер арасында міндетті түрде байланыс орнайды. Гитлерлік Германия Үндістанның националисттерімен күш біріктіріп, британ колониялдық ықпалынан арылуға көмегін тигізді. Субхас Чандра Бос Үндістанның азаттық идеясың алдыға тартқан қайраткер. Еуропалық партиялық жүйе оның қызығушылығын туғызды, орталықтандырылған билік, бір адамға бағыну, милитаризмді өз елінің құрылымына енгізгісі келген екен [6]. Британдықтардан басқа Солтүстік Африка мен Араб түбегінде француздар үстемдік орнатты. Генрих Гиммлер Құраннан Гитлердің келуі алдын ала жазылып кеткен, және ол Пайғамбардың жолын жалғастырушы деген бөліктерді іздеп, мұсылмандарды барынша өз жақтарына тарқан екен. Эрист Кальтенбруннер Гитлерді Иса пайғамбар деп, арабша брошюралар басып шығарды. Таяу Шығыс пен Германия арасындағы келісім-шартқа келесідей пункттер енді [7]:

- британ колониализмінен арылту;
- большевиктердің атеизімінен құтқару;
- еврейлердің ықпалынан Палестинаны босату.

Үшінші Рейх басшылығы өзінің басты ерекшелігі етіп ұлттық сананы жаңғырту идеясын алды. Ол үшін күшті үгіт-насихат ісі жүргізіліп, халық ішінде приоритеттер жүйесі қалыптасты, оларға: қан тазалығы, дәстүрге құрмет, ата-ана рөлі, ғылым мен білімнің маңызы, ұлтты сақтап қалу сияқты пункттерге негізделді. Осы бағдарламаны біздің елдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен салыстыруға болады. Біздің де халыққа ұлттық кодты сақтау, дәстүрлерді дәріптеу сияқты миссиялар жүктелді. Оны жүзеге асыру үшін көптеген іс-шаралар өткізіліп жатқанымен, реалды нәтижеге әлі ешкім жеткен жоқ. Үшінші Рейх идеологиясының тез жүзеге асып, халықтың гимніне айналуына себеп болатын дүниелердің бізде кездеспеуіне қандай себептер бар? Біріншіден, Үшінші Рейх басшыларының еңбектерің әрбір неміс жатқа білуі міндеттелген еді. Екіншіден, сол «білім» оларда мәжбүрлі түрде емес, елге деген барлық махаббатымен істелетін. Үшіншіден, бұл махаббат Еуропадағы коллониясы жоқ жалғыз мемлекетке деген жанашырлық сезімне пайда болды. Бізде де ауыр тарих бар, алайда, осындай рухты тудыратын басшының жоқ болуы кедергі. Қаншама бағдарлама жасалған жағдайда да, елді итермелеп, әрбір адамның санасына құйып отыратын күштің болмауы біздің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әлсіздеу етеді.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**


1. Гитлер А. Моя борьба.- Franz Eher Nachfolger, 1925, 720 б.
2. Хене Х. СС. Орден «Мертвая голова».- ЗАО «Центрполиграф», 2006, 496 б.
3. Ран О. Крестовый поход против Грааля.- АСТ, 2000, 301 б.
4. «Völkischer Beobachter» газеті,- 1942
5. Бреннан Д. Черная магия Адольфа Гитлера.- Развитие, 1992, 112 б.
6. inosmi.ru
7. Моутедел Д. Ислам и война Нацисткой Германии.- Belknap Press, 2014, 512 б.